

## Үржар ауданында тіркелген салықтың мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 19 маусымдағы № 28-287/VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 2 шілдеде № 5-18-159 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 53-655/VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 24.06.2020 № 53-655/VI шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 546 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Үржар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үржар ауданында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері белгіленсін, айына:

1) бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматына - 4 айлық есептік көрсеткіш;

2) біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматына - 6 айлық есептік көрсеткіш;

3) ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютерге - 2 айлық есептік көрсеткіш;

4) ойын жолы үшін - 22 айлық есептік көрсеткіш;

5) карт үшін - 8 айлық есептік көрсеткіш;

6) бильярд үстеліне - 7 айлық есептік көрсеткіш;

7) арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пунктiне - 10 айлық есептік көрсеткіш.

2. Үржар аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 02 тамызындағы № 21-229-IV "Бірыңғай тіркелген салықтың ставкаларын белгілеу туралы" (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-18-102 нөмірімен тіркелген, "Пульс времени/Уақыт тынысы" газетінің 2010 жылдың 11 қыркүйегінде жарияланған) шешімі күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Үржар аудандық*

*мәслихаттың хатшысы*

*Б. Тышанбеков*

*К. Карашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК